Бұл бұрғыдау сораптарының ұзақ мерзімділігін арттыруға септілігін тигізеді. Пайдалы модельдің негізі және 2.4-суретте көрсетілген сызбаларда айқындалады. Гидравликалық қорап фиг қақпақшалы және поршеньді бөлшектер тобы орналасқан сораптың гидравликалық бөлігі болып табылады. Қақпақшалы бөлшектер тобы 2 мен поршеньді бөлшектер тобы фланец цилиндрлі қақпақ пен тұрқы станикасында шпилькалары арқылы бекітіліп тұрады. Мысал ретінде Уралмашзаводтың УНБТ-950 бұрғылау сорабын қарастыруға болады. Осы сораптың кемшілігі – жұмыс істеу кезінде, эксплуатация кезінде қораптағы шпилькалардың тартылуын үнемі тексеріп отыра, олардың сомындарын тартып отыру қажет. Шпилькаларды тарту пайдалану кезінде, діріл мен жүктеме кезінде жасалып отырады.


Пайдалы модельдің мақсаты 2.4-суреттегі шпилькаларды диаметрлері үлкен шпилькалармен ауыстыра отырып, сораптың гидравликалық бөлігінің сенімділігі мен ұзақмерзімділігін арттыру. Соның нәтижесінде шпилькалардың бұрандалық және цилиндрлік диаметрлері артады, жүктеме мен діріл кезінде гидравликалық қораптың шпилькалары босап кетпейді, сонымен қатар олардың үнемі тартып тұру қажеттілігі жойылады.

Сораптың гидравликалық қорабы.

Біз ізденіс нәтижесінде қарастырған модельді, нақтырақ айтқанда, бұрғылау қондырғысының бұрғылау сораптарына, және жылдам, сенімді сонымен қатар технологиялық түрде гидравликалық сорапты қалпына келтіруге мүмкіндік береді, және механикалық өңдеу технологиясын жеңілдетуге жағдай жасайды. Аталған әсерге қол жеткізу үшін қораптың қақпақшалы сонымен қатар цилиндрлі бөлшектер тобының орындарын механикалық өңдеу кезінде жонудың орнына,



6 Сурет – УНБТ-950 сорабының гидравликалық бөлігінің аналогы



7 Сурет – УНБТ-950 сорабының жетілдірілген гидравликалық бөлігі

Аталған бөлшектер жанасатын қорап аймағында баспақталып орнатылған цилиндрлі төлкелерді өңдеу сонымен қатар ауыстыру жұмыстарымен алмастырылады.

Сораптың гидравликалық қорабы.

Біз ізденіс нәтижесінде қарастырған модельді, нақтырақ айтқанда, бұрғылау қондырғысының бұрғылау сораптарына, және жылдам, сенімді сонымен қатар технологиялық түрде гидравликалық сорапты қалпына келтіруге мүмкіндік береді, және механикалық өңдеу технологиясын жеңілдетуге жағдай жасайды. Аталған әсерге қол жеткізу үшін қораптың қақпақшалы сонымен қатар цилиндрлі бөлшектер тобының орындарын механикалық өңдеу кезінде жонудың орнына, аталған бөлшектер жанасатын қорап аймағында баспақталып орнатылған цилиндрлі төлкелерді өңдеу және ауыстыру жұмыстарымен алмастырылады. Цилиндрлі төлкелердің біреулері ішкі жағынан қақпақша корпусына арналып жонылған, ал келесілері ішкі жағынан сораптың цилиндрлі төлкелеріне арналып жонылған. Ал сыртқы

жағынан аталған төлкелер гидравликалық қораптың қабырғаларына арналып жонылып сығымдалған.


«Сораптың гидравликалық қорабы» бұдан кейін «қорап», бұрғылау техникасының қатарына кіреді, нақтырақ айтқанда, жуу сұйықтығын ұңғымаға айдайтын бұрғылау сораптарына тиесілі.

Қорап қақпақшалы бөлшектер тобы мен поршеньді бөлшектер тобымен бірге сораптың гидравликалық бөлігін құрайды. Уралмашзаводтың шығаратын УНБТ-950 бұрғылау сорабының гидравликалық қорабы белгілі. Осы сораптың бір кемшілігі болып – қақпақша қораптар мен цилиндрлі төлке тығыздауыштары сораптың ішінде жонылған. Бұл жөндеу жұмыстарын күрделендіре түседі, себебі үлкен көлемді, фасонды гидравликалық қораптың ішкі жағына балқыма құйып, ішкі фасонды беттерге механикалық өндеу жұмыстарын жүргізу қажет.


Пайдалы модельдің мақсаты – гидроқораптың тозған бөліктерін жылдам әрі оңай қалпына келтіру, ол үшін тез тозатын беттерге алдын-ала орнатылған төлкелерді жаңасымен ауыстыру қажет.

Пайдалы модельдің түйіні 2.5. және 2.6-суретте көрсетілген. 2.5-суретте көрсетілген сұлбада Уралмашзаводта шығарылған УНБТ-950 сорапта орналасқан «сораптың гидравликалық қорабы» көрсетілген. Көрсетілген А,Б,В,Г,Д, Е және Ж саңылауларының беттері қораптың ішкі қабырғасында орналасқан.2.6-суреттегі сұлбасында көрсетілген пайдалы модельдің А,Б,В,Г,Д, Е және Ж беттері арнайы өлшеніп және көрсетілген бөлікке сығымдалған және төлкелері көрсетілген.

Прототиппен салыстырғандағы пайдалы модельдің артықшылығы – тозған бөлікті қалпына келтіру үшін А,Б,В,Г,Д, Е және Ж беттеріне метал құйып, оны механикалық өндеуді жасамауға болады. Оның орнана 2.6-суретте көрсеткендей тозған кез-келген және төлкелерін шығарып, жаңасымен алмастыру керек. Бұл жылдам, оңай,сенімді сонымен қатар мұндай жөндеу жұмысын бұрғылау қондырғысында жасау мүмкіндік туғызады.



8 Сурет – УНБТ-950 сорабының гидравликалық қорабының аналогы



9 Сурет – УНБТ-950 сорабының жетілдірілген гидравликалық қорабы

Сораптың гидравликалық қорабының ерекшелігі, цилиндрлі төлкенің тығыздауыштары мен қақпақша корпусының қорап қабырғасына отыратын бөлігінде бос саңылаулардың орнына алдын ала арнайы жонылып жасалған цилиндрлі төлкелер орналастырылады.

3.2 Жетілдірілген гидравликалық қораптың түпкі бөлшектерінің материалын, негізгі конструктивтік көрсеткіштерін негіздеу

Есептеу барысында қолданылатын бастапқы мәліметтер:

Материал – болат 14Х2ГМР МЕСТ 7479-70;

Ағу шегі – $\sigma_T = 590$ МПа;

1-төлкенің ішкі диаметрі – 185мм;

1-төлкенің сыртқы диаметрі – 220мм;

1-төлкенің ұзындығы – 105мм;

2-төлкенің ішкі диаметрі – 280мм;

2-төлкенің сыртқы диаметрі – 300мм;

2-төлкенің ұзындығы – 170 мм;

3-төлкенің ішкі диаметрі – 280мм;

3-төлкенің сыртқы диаметрі – 300мм;

3-төлкенің ұзындығы – 110мм;

3.3 Жетілдірілген қораптың төлкелерін тарту арқылы байланысқа есептеу

Тарту байланыстарын жинау (сығымдау) – сыртқы осьтік күштің әсерінен (ендік-пресстеу байланыстар), сонымен қатар термиялық әсер нәтижесінде, яғни арбаушы бөлшекті қыздыру арқылы немесе арбалушы бөлшекті салқындату кезінде пайда болатын термиялық саңылау әсері арқылы жүзеге асырады. Сығымдау ендік-пресстеу арқылы байланысқан бөлшектердің байланыстыру күш шамасы мына формуламен анықталады:

$$P = \pi d l p f_3, \quad (3.1)$$

мұндағы d және l – байланысу бетінің ұзындығы мен диаметрі;
 p – байланысу бетінің қысымы;
 f_3 – сығымдау кезіндегі үйкеліс коэффициенті, майлау материалы – трансформатор май болғанда $f_3=0,08$.
 Байланысу бетінің қысымы 1 төлке үшін:

$$p = \frac{l}{d} \cdot \frac{N_{\text{есеп}} \cdot 10^{-3}}{\frac{C_1}{E_1} + \left(\frac{C_2}{E_2}\right)}, \quad (3.2)$$

мұндағы $N_{\text{есеп}} - d - d_1 = 220 - 224 = 4$ мм (d_1 – арбаушы бөлшектің диаметрі);
 C_1 және C_2 – коэффициентер (кестеде көрсетілген);
 E_1 және E_2 – байланысушы материалдардың серпімділік коэффициенттері.
 Есептік тарту:

$$\delta = p d \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right). \quad (3.3)$$

Қажетті тарту (минималды)

$$\delta_{\text{п min}} = \delta + 1,2(Rz_1 + Rz_2). \quad (3.4)$$

Материалдың ағу шегін ескере отырып, максималды қажетті және есептік тарту шамаларын анықтаймыз, $\sigma_T = 590$ МПа

$$\delta_{\text{max}} = 0,5 \sigma_T d \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right) \cdot \left[1 - \left(\frac{d}{d_2} \right)^2 \right]. \quad (3.5)$$

Қажетті тарту (максималды)

$$\delta_{\text{п max}} = \delta_{\text{max}} + 1,2(Rz_1 + Rz_2). \quad (3.6)$$

1-төлке үшін:

$$P_1 = \pi d_1 l_1 p_1 f_3 = 3.14 \cdot 0.22 \cdot 0.105 \cdot 4,2 \cdot 0,08 = 24 \text{ кН}$$

$$p_1 = \frac{l_1}{d_1} \cdot \frac{N_{\text{есеп}} \cdot 10^{-3}}{\frac{C_1}{E_1} + \left(\frac{C_2}{E_2}\right)} = \frac{0.105}{0.22} \cdot \frac{4 \cdot 10^{-3}}{\frac{4.25}{2 \cdot 10^5} + \frac{4.85}{2 \cdot 10^5}} = 4,2 \text{ МПа.}$$

C_1 және C_2 коэффициенттері:

$$\frac{d_1}{d_2} = \frac{0.185}{0.220} = 0.8 \rightarrow C_1 = 4.25,$$

$$\frac{d_1}{d} = \frac{0.185}{0.224} = 0.88 \rightarrow C_2 = 4.85.$$

3 Кесте – Болат бөлшектер үшін C_1 және C_2 коэффициенттер .

d_1/d немесе d/d_2	C_1	C_2	d_1/d немесе d/d_2	C_1	C_2
0,0	0,70	-	0,5	1,87	1,97
0,1	0,72	1,32	0,6	1,83	2,43
0,2	0,78	1,38	0,7	2,62	3,22
0,3	0,89	1,49	0,8	4,25	4,85
0,4	1,08	1,68	0,9	9,23	9,38

4 Кесте – Түрлі посадкалардағы мүмкіндік тарту шамалары

Посадка	Мүмкіндік тарту, мкм		Посадка	Мүмкіндік тарту, мкм	
	$\delta_{p \min}$	$\delta_{p \max}$		$\delta_{p \min}$	$\delta_{p \max}$
220H6/p6	29	79	220H7/r6	46	109
220H6/r6	29	109	220H7/s6	46	159
220H6/s7	29	176	220H7/s7	46	176
220H7/p6	31	60	220H7/u8	46	304

Есептік тарту

$$\delta_1 = p_1 d_1 \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right) = 4,2 \cdot 0,22 \left(\frac{4,25}{2 \cdot 10^5} + \frac{4,85}{2 \cdot 10^5} \right) \approx 42 \text{ мкм.}$$

Қажетті тарту (минималды)

$$\delta_{1п \min} = \delta_1 + 1,2(Ra_1 + Ra_2) = 42 + 1,2(3,2 + 3,2) = 50 \text{ мкм.}$$

Максималды есептік және қажетті тарту:

$$\begin{aligned} \delta_{1\max} &= 0,5\sigma_T d \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right) \cdot \left[1 - \left(\frac{d}{d_2} \right)^2 \right] = \\ &= 0,5 \cdot 590 \cdot 0,22 \left(\frac{4,25}{2 \cdot 10^5} + \frac{4,85}{2 \cdot 10^5} \right) \cdot \left[1 - \left(\frac{220}{224} \right)^2 \right] \approx 0,141 \text{ мм} = 141 \text{ мкм;} \end{aligned}$$

$$\delta_{1п \max} = 141 + 1,2(3,2 + 3,2) = 165 \text{ мкм.}$$

Жүргізілген есепке сәйкес және төлкенін арналауына сәйкес 1-төлкенің отырғызылуы 220 H7/s7 таңдаймыз.

2-төлке үшін:

$$P_2 = \pi d_2 l_2 p_2 f_3 = 3.14 \cdot 0.3 \cdot 0.17 \cdot 40.4 \cdot 0.08 = 51.8 \text{ кН}$$

$$p_2 = \frac{l_2}{d_2} \cdot \frac{N_{\text{есеп}} \cdot 10^{-3}}{\frac{C_1}{E_1} + \left(\frac{C_2}{E_2}\right)} = \frac{0.17}{0.3} \cdot \frac{50 \cdot 10^{-3}}{\frac{9.23}{2 \cdot 10^5} + \frac{4.85}{2 \cdot 10^5}} = 40.4 \text{ МПа.}$$

C_1 және C_2 коэффициенттері:

$$\frac{d_1}{d} = \frac{0.28}{0.3} = 0.9 \rightarrow C_1 = 9.23,$$

$$\frac{d_1}{d} = \frac{0.28}{0.35} = 0.8 \rightarrow C_2 = 4.85.$$

Есептік тарту:

$$\delta_2 = p_2 d_2 \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right) = 40.4 \cdot 0.3 \left(\frac{9.23}{2 \cdot 10^5} + \frac{4.85}{2 \cdot 10^5} \right) \approx 86 \text{ мкм.}$$

Қажетті тарту (минималды):

$$\delta_{2п \text{ min}} = \delta_2 + 1,2(Ra_1 + Ra_2) = 86 + 1,2(3,2 + 3,2) = 94 \text{ мкм.}$$

Максималды есептік және қажетті тарту:

$$\begin{aligned} \delta_{2\text{max}} &= 0,5\sigma_T d \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right) \cdot \left[1 - \left(\frac{d}{d_2} \right)^2 \right] = \\ &= 0,5 \cdot 590 \cdot 0,3 \left(\frac{9.23}{2 \cdot 10^5} + \frac{4.85}{2 \cdot 10^5} \right) \cdot \left[1 - \left(\frac{300}{350} \right)^2 \right] \approx 0,166 \text{ мм} = 166 \text{ мкм;} \end{aligned}$$

$$\delta_{2п \text{ max}} = 166 + 1,2(3,2 + 3,2) = 175 \text{ мкм.}$$

5 Кесте – Түрлі посадкалардағы мүмкіндік тарту шамалары

Посадка	Мүмкіндік тарту, мкм		Посадка	Мүмкіндік тарту, мкм	
	$\delta_{p \text{ min}}$	$\delta_{p \text{ max}}$		$\delta_{p \text{ min}}$	$\delta_{p \text{ max}}$
300H6/p6	32	65	300H7/n6	52	66
300H6/r6	32	130	300H7/s6	34	202
300H6/s7	32	202	300H7/s7	52	210
300H7/p6	52	88	300H7/u7	52	350

Жүргізілген есепке сәйкес және төлкенін арналауына сәйкес 2-төлкенің отырғызылуы 300 Н7/с6 таңдаймыз.

3-төлке үшін:

$$P_3 = \pi d_3 l_3 p_3 f_3 = 3.14 \cdot 0.3 \cdot 0.11 \cdot 26 \cdot 0.08 = 21,5 \text{ кН}$$

$$p_3 = \frac{l_3}{d_3} \cdot \frac{N_{\text{есеп}} \cdot 10^{-3}}{\frac{C_1}{E_1} + \left(\frac{C_2}{E_2}\right)} = \frac{0.11}{0.3} \cdot \frac{50 \cdot 10^{-3}}{\frac{9.23}{2 \cdot 10^5} + \frac{4.85}{2 \cdot 10^5}} = 26 \text{ МПа.}$$

C_1 және C_2 коэффициенттері:

$$\frac{d_1}{d} = \frac{0.28}{0.3} = 0.9 \rightarrow C_1 = 9.23,$$

$$\frac{d_1}{d} = \frac{0.28}{0.35} = 0.8 \rightarrow C_2 = 4.85.$$

Еептік тарту:

$$\delta_3 = p_3 d_3 \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right) = 26 \cdot 0,3 \left(\frac{9.23}{2 \cdot 10^5} + \frac{4,85}{2 \cdot 10^5} \right) \approx 55 \text{ мкм.}$$

Қажетті тарту (минималды):

$$\delta_{3п \text{ min}} = \delta_2 + 1,2(Ra_1 + Ra_2) = 55 + 1,2(3,2 + 3,2) = 64 \text{ мкм.}$$

Максималды есептік және қажетті тарту:

$$\begin{aligned} \delta_{3\text{max}} &= 0,5\sigma_T d \left(\frac{C_1}{E_1} + \frac{C_2}{E_2} \right) \cdot \left[1 - \left(\frac{d}{d_2} \right)^2 \right] = \\ &= 0,5 \cdot 590 \cdot 0,3 \left(\frac{9.23}{2 \cdot 10^5} + \frac{4,85}{2 \cdot 10^5} \right) \cdot \left[1 - \left(\frac{300}{350} \right)^2 \right] \approx 0,166 \text{ мм} = 166 \text{ мкм;} \end{aligned}$$

$$\delta_{3п \text{ max}} = 166 + 1,2(3,2 + 3,2) = 175 \text{ мкм.}$$

Жүргізілген есепке сәйкес және төлкенін арналауына сәйкес 1-төлкенің отырғызылуы 300 Н7/с6 таңдаймыз.

Бөлім бойынша қорытынды.

Арнайы бөлімде УНБТ-950 бұрғылау сорабының гидравликалық бөлігінің элементтерін шыдамдылыққа беріктікке есептелді. Біздің тұжырымдамамыз бойынша сараланып, ішінен модельдер ұсынысына есептеулер жүргізілді. Пайдалы модельдің ұсынысы бойынша жетілдірілген гидравликалық бөліктің гидравликалық қорабының тозуы пайда болатын ішкі

беттеріне қосымша орнатылатын төлкелердің материал мен механикалық өңделуі таңдалып, олар тару бойынша отырғызуға есептелді. Есептеулердің қортындысы бойынша:

1-төлкенің отырғызылуы 220 H7/s7, қажетті осьтік жүктеме 24кН.

2-төлкенің отырғызылуы 300 H7/s6, қажетті осьтік жүктеме 51,8кН.

3-төлкенің отырғызылуы 300 H7/s6, қажетті осьтік жүктеме 21,5кН.

4 Техникалық қауіпсіздік және еңбек қорғау

4.1 Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар

Дипломдық жобаның нақты бөлімі «ҚР-ның еңбек кодексінің» дәйектемесімен 15.05.07. № 252 ҚР ІІІ заңы бойынша жасалынды, 22.11.96 бастап «Өрт қауіпсіздігі туралы заңының», № 314 – ҚР ІІІ заңына байланысты 03.04.02 бастап «Қауіпті өндіріс объектілеріндегі өнеркәсіп қауіпсіздігі туралы заңы» болып жысалынды. Соған байланысты «Газ және мұнай өңдейтін кенорындарындағы жалпы қауіпсіз ереже » сәйкес 25.11.71. бастап және №2231 29 желтоқсан 2009 жылынан бері «Мұнайгаз кәсіпшілік, бұрғылау, геологбарлау және геофизикалық жабдықтарының қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламентіне, №153 1 наурыз 2010 жылдан бері «Бензиннің, жанаржағармайдың және мазутардың қауіпсіздігіне талаптар» негізгі техникалық регламентіне сәйкестестелінеді.

Заң қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді және қауіпті өндірістік объектілерде авариялардың, инциденттердің салдарынан туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың персоналға, халыққа, қоршаған ортаға зиянды әсерінің алдын алуға, аварияларды, инциденттерді және олардың салдарын шектеуге және зардаптарын жоюға ұйымдардың әзірлігін, олардың жеке және заңды тұлғаларға, қоршаған орта мен мемлекетке келтірілген залалдарын кепілдікпен өтеуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Жобалауда жұмыс күні 8-сағаттық және жұмыс аптасы 5-күндік қарастырылған. Алайда, бұрғылау шарты бойынша, бұрғылау қондырғысы тоқтаусыз жұмыс жасауы қажет. Осы жобада қарастырылғандай, бұрғылау бригадасы үш жұмыс ауысымға бөлінеді және де 8-сағаттық жұмыс істейді, сонымен қатар оның 1-сағаты түскі тамақ уақытысы мен қоса бригадада 6-ты адамнан жұмыс істеу қарастырылған.

Жобада келесідей нұсқаудың ұзақтығы қарастырылады, олар мына аталғандардан кем болмауы қажет:

А) Жұмысшыға, мұнай газды барлау жұмысында істемеген жұмысшы үшін -1 күн;

Б) Жұмысшыға, мұнай газды барлау жұмысында істемеген жұмысшы үшін -2 күн.

4.2 Санитарлы-гигиеналық іс-шаралар

Жұмыс жағдайы келесі немесе мынадай факторлармен сипатталады, өндіріс шартының метрологиясы атмосфераның шаңдануы, шумның болуы, дірілдету және басқада өндірістік зияндығы қарастырылған.

Міне осындай факторлар жұмысшының жұмыс істеуіне жаман жағынан әсерін тигізеді. Өндірістік жұмысшылар отыратын жерлер, адамдар көп

отыратын жерлер, бөлмелер жылту приборларымен қамтамасыздандырылады және снитарлы нормаға сәйкес келуі тиіс.

Жұмысшылар демалатын орында немесе бөлмеде таза су балоны, аптечка мебель, газет, журналдар болуы қажет.

Арнайы киім және аяқ киімдер МЕСТ-қа сәйкес енгізілуі тиіс ал әр мамандыққа бекітілген нормамен беріледі.

Зиянды газдың (ауаның)адам өміріне демалу органдары арқылы өтіп, адамның клеткасын бұзады.

Міне осындай зиян газдарды алдын алу шаралары жобада қарастырылған ол үшін жұмыс орындағы ауа құрамын тексеріп отыру, вентиляциялау, индивидуальды сақтандыру шаралары қарастырылған.

Сорап құрылған бөлмелерде ауа температурасы +16+22С өтпелі және суық уақыттарда; +18+25С жылдың жылы уақытында. Осыған байланысты ауа ылғалдығы 30-60% болуы қажет, оның жылжу жылдамдығы 0,2-0,7м/с.

Сорапта суыту жүйесі қарастырылған. Сораптың жұмыс жасауы кезінде барлық құбыр-жүйелері суыту жүйесіне қосылған. Суыту үшін суық су қолданады. Ал бөлмеге жарық беру табиғат жүйеде терезе арқылы жүзеге асырылады. Сорап тұрған бөлмеде, міндетті түрде аптечка болуы тиіс.

4.3 Өртке қарсы іс-шаралар

Мұнай кәсіпшілігі мұнай және газдың жарылуға және өрт қауіпсіздігімен мінезделеді. Жарылу және өрт заттарын пайдалану кезіндегі технологиялық процестер қолданылады. (мұнай негізінде ерітіндіні пайдаланумен бұрғылау, ұңғыны меңгеру). Мұнай мен газды өндіру және бұрғылау, өндірісінде жану көзі механикалық және электрлік ұшқындар, статистикалық және атмосфералық электірліктің зарядтары, қыздырылған беттер болуы мүмкін.

Өрт қауіпсіздігі бойынша шаралар төрт негізгі топқа бөлінеді:

- өртті ескерту, яғни олардың болу себебін жою;
- өрттың таралу сферасын шектеу: өрт сферасынан материалдың құндылықтардың және адамдардың
- сәтті эвакуациялануын қамтамасыз етілуі;
- өрттың тиімді сөндіру шартын жасау;

Өндірістің жарылуға, өртке қауіптілігіне байланысты конструкция жасалған құрылыс материалдардың жануға және өрт тұрақтылығы талаптарын ұсынады.

Өндірістің өрт қауіпсіздігі бойынша келісімімен алты категорияға бөлінеді. Сораптың блок “В” категориялы өндірістің мінездемесі өотке қауіпті, оларға 61° С-тан жоғары тұтыну температурасынан тұйықтар жатады.

5 Экономикалық бөлім

5.1 Жаңа техниканы енгізу туралы шолу

Заманауи ғылыми-техникалық прогресс деңгейінің артыру жаңа зерттеулердің өнімдерін пайдалануға енгізілуін қамтамасыз етеді.

Алайда бұған қарамастан жаңа техниканы жасап, енгізуден бұрын кәсіпорыннан қаншалықты қаржы жұмасалатынын, қандай шығындар болатынын және қандай экономикалық нәтиже беретінің білу керек.

Экономикалық нәтиже көрсеткіштері жаңа техниканы енгізуден және берілген енгізумен шартталған қосымша амалдарды енгізумен салыстыруға таңдап алынған нұсқа өлшеміне байланысты салыстырмалы өлшемдері анықтайды.

Салыстырмалы жүретін жобаны – негізгі деп атайды.

Өндірістік объектінің жаңа құрылымын мына көрсеткіштер бағалайды:

- дайындаудың еңбексыйымдылығы (жалпы, құрылымдық);
- салыстырмалы материал сыйымдылығы (материалды пайдалану коэффициенті құрылымдық, жалпы);
- масса (жалпы, қатыстық);
- машинаның өзіндік құны.

6 Кесте – Ұңғыманы бұрғылаудың жоспарлы ұзақтығы

Цикл элементтері	Қалыпты ұзықтылық		K _п	Жоспарлы ұзақтылық, тәулік
	сағат	тәулік		
Дайындық жұмыстары	85	4	1	7
Бұрғылау кезеңі:	1596	66,5	1,05	69,8
бағыттаушыға	72	3		3,15
кондукторды	287	11,96		12,56
бірінші аралық	354	14,75		15,5
екінші аралық	394	16,4		17,22
пайдалану тізбегі	489	20,4		21,42
Барлығының кату ұзақтығы:	241,18	10,04	1,05	10,29
- бағыттаушы	14,05	0,58		0,72
- кондуктор	34,7	1,44		1,59
- бірінші аралық	46,20	1,92		2,02
- екінші аралық	61,20	2,55		2,74
- пайдалану тізбегі	85,03	3,05		3,22

Өтімділіктің нормативті мерзімі (T_н) жаңа техниканың күрделі шығындары:

$$T_n = 1/E_n = 1/0,15 = 6,7 \text{ жыл}, \quad (5.2)$$

мұндағы E_n - күрделі қаржылардың тиімділік коэффициенті,
 $E_n = 0,15$.

Жылдық экономикалық әсерді (теңге) өндірістік аймақта және пайдалану аймағында келтірілген негізгі және жаңа техника шығынын салыстыру арқылы анықтайды.

Жабдықты жөндеу жұмыстарына кететін шығындар

7 Кесте – Жөндеу аралық цикл

Жөндеудің түрі	Жөндеу жұмыстарының саны		Жөндеу жұмыстарын жүргізу аралығы, сағ		Жабдықты жөндеуге қажетті уақыт, сағ	
	Аналог	жобаланушы	аналог	жобаланушы	аналог	жобаланушы
Күрделі жөндеу	1	1	6000	6500	36	24
Техникалық қызмет көрсету	36	36	168	168	4	4
Ағымды жөндеу	18	18	336	350	8	8
Техникалық жөндеу	9	9	600	600	12	12
Жалпы	64	64	6000	6500	432	320

Құрал – жабдықтарға кететін шығындар

$$Z_n = 0,005 \cdot (\Pi + \Pi_3 + T_{pp} + M_{об} + O_{бн}), \quad (5.3)$$

Аналог үшін:

$$Z_{n1} = 0,005 \cdot (1508325 + 100000 + 200000 + 400000 + 12000) = 2220325 \text{ теңге},$$

Жоба үшін:

$$Z_{n2} = 0,005 \cdot (1182350 + 100000 + 200000 + 400000 + 12000) = 1894350 \text{ теңге}.$$

Поршеньге кететін жалпы шығын:

$$Ш_n = k \cdot c = 2 \cdot 4400 = 8800 \text{ теңге}, \quad (5.4)$$

мұндағы k - бөлшектің саны;
 c - бөлшектің бағасы, теңге.
Төлкеге кететін шығындар:

$$Ш_{\text{тг}} = k \cdot c = 2 \cdot 38000 = 76000 \text{ теңге.}$$

Поршень штогына кететін шығындар:

$$Ш_{\text{пш}} = k \cdot c = 2 \cdot 17670 = 35340 \text{ теңге.}$$

Қақпақшалапға кететін шығындар:

$$Ш_{\text{к}} = k \cdot c = 8 \cdot 12500 = 100000 \text{ теңге.}$$

Шток тығыздағыштарына кететін шығындар:

$$Ш_{\text{шт}} = k \cdot c = 2 \cdot 1600 = 3200 \text{ теңге.}$$

Жалпы шығын:

$$З_p = Ш_{\text{п}} + Ш_{\text{тг}} + Ш_{\text{пш}} + Ш_{\text{к}} + Ш_{\text{шт}} = 8800 + 76000 + 35340 + 100000 + 3200 = 223340 \text{ теңге}$$

5.2 Жобаның экономикалық эффектілігін есептеу

Жинақ қорының мөлшері
Аналог үшін,

$$A = C_0 \cdot I_0 \cdot 0,33, \quad (5.5)$$

мұндағы, C_0 – жабдықтың бастапқы бағасы,
 I_0 – 1,082 тең индексация (нарықтық экономикада индекс коэффициенті есептеледі)
0,33 – экономикалық эффективтілік
1 айда құрайтын жинақ қорының соммасы
Аналог үшін:

$$A = 23205000 \cdot 1,082 \cdot 0,33 = 8285577 \text{ теңге.}$$

Жоба үшін:

$$A = 23647000 \cdot 1,082 \cdot 0,33 = 8443397 \text{ теңге.}$$

8 Кесте – Бұрғылау сорабын қолданудың техника-экономикалық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Аналог	Жобаланушы
Үзіліссіз жұмыс істеу уақыты, сағат: - қызмет көрсетуге дейін	168	168
Құрал-жабдыққа амортизациялық бөліністер,тг	3 480 750	2 837 640
Жөндеу шығындары, тг	2 208 325	1 882 350
Құрал-жабдыққа қызмет көрсету шығындары,тг	2 220 325	1 894 350
Құрал- сайманға кететін шығындар,тг	223 340	223 340
Құрал- сайманға кететін шығындар,тг	223 340	223 340
Пайдалану шығындары, тг	4 567 515	4 413 969
Экономикалық эффекті, тг	8 285 577	8 443 397
Үнемділігі, мың теңге		157 820

Қорытындылай келе, аналог пен жобаланатын бұрғылау сорабын салыстырдық, аналогтің пайдаланушыға келтіретін шығыны 4567515тг. болса, жобаланатын бұрғылау сорабы 4413969тг. шығын келтіреді. Бұл 153546тг. ұтымды болып табылады. Ал жалпы аналогқа және жобадағы нұсқаға кететін келтірілген пайдалану шығындарды салыстырып, үнемділіктің 157 820 теңгені құрайтынын көреміз.

Осы себепті ұсынылып отырған жобаланушы бұрғылау сораптын қолданыста экономикалық тұрғыдан және пайдалану тұрғысынан тиімді деп қабылдауға болады

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жобаның техникалық бөлімінде бұрғылау сораптарының конструкцияларын талданып, оларды жетілдірудің бағыттары айқындалды. Отандық өндірістегі екі поршеньді екі жақты әрекет ететін және үш поршеньді бір жақты әрекет ететін сораптардың техникалық сипаттамалары салыстырылып, әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері аталып өтілді. Бұрғылау сораптарын шығаратын шетелдік ірі кәсіпорындардың сораптарының модельдік қатары көрсетілді.

Есептік және арнайы бөлімде УНБТ-950 бұрғылау сорабының гидравликалық бөлігінің элементтерін шыдамдылыққа беріктікке есептелді. Арнайы бөлімде, біздің ізденісімізде «Уралмашзавоттың» иелігіндегі УНБТ-950А бұрғылау сорабының гидравликалық бөлігіне арналған біздің ізденіс нәтижесінде тиімділігін арттыруды қарастырдық. Осы ізденіс нәтижесіндегі пайдалы модельдері сараланып, есептеулер жүргізілді. Пайдалы модельдің ұсынысы бойынша жетілдірілген гидравликалық бөліктің гидравликалық қорабының тозуы пайда болатын ішкі беттеріне қосымша орнатылатын төлкелердің материал мен механикалық өңделуі таңдалып, олар тару бойынша отырғызуға есептелді. Есептеулердің қортындысы бойынша:

1-төлкенің отырғызылуы 220 Н7/s7, қажетті осьтік жүктеме 24кН.

2-төлкенің отырғызылуы 300 Н7/s6, қажетті осьтік жүктеме 51,8кН.

3-төлкенің отырғызылуы 300 Н7/s6, қажетті осьтік жүктеме 21,5кН.

Экология және қоршаған ортаны қорғау бөлімінде бұрғылау жұмыстары кезіндегі қоршаған ортаға тигізілетін зиянды әсерлерге талдау жасалып, зиянды заттардың шекті рұқсат етілген мөлшері айқындалып, зиянды заттардан атмосфераны, жануарлар мен құстар әлемін, литосфера мен гидросфераны қорғау мәселелері қарастырылды.

Қорытындылай келе, экономикалық есептеулер нәтижесінде, аналог пен жобаланатын бұрғылау сорабын салыстырдық, аналогтің пайдаланушыға келтіретін шығыны 4567515тг. болса, жобаланатын бұрғылау сорабы 4413969тг. шығын келтіреді. Бұл 153546тг. ұтымды болып табылады. Ал жалпы аналогқа және жобадағы нұсқаға кететін келтірілген пайдалану шығындарды салыстырып, үнемділіктің 157 820 теңгені құрайтынын көреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Баграмов Р.А. Буровые машины и комплексы. Учебник для вузов. М.: НЕДРА, 1988. 501 бет.
- 2 Ильский А.Л. Расчет и конструирование бурового оборудования. – М.: Недра, 1985.
- 3 Алексеевский Г.В. Буровые установки Уралмашзавода.-М.: Недра, 1981. 528бет.
- 4 Булатов А.И., Аветисов А.Г. Справочник инженера по бурению. В 4-х томах. –М.: Недра, 1993-1996.
- 5 Калинин А.Г., Литвиненко В.С., Радин А.И. Основы бурения нефтяных и газовых скважин. Учебное пособие СПб, 1996. 220 с.
- 6 Ильинский А.Л., Шмидт А.П. Буровые машины и механизмы. Учебник для техникумов.- М.: недра, 1989. 395 с.
- 7 Лисецкий В.А., Ильский А.Л. Буровые машины и механизмы. Учебник для нефтяных техникумов.-М.: Недра, 1980. 391 с.
- 8 Авербух В.А. и др. Ремонт и монтаж бурового и нефтегазопромыслового оборудования.- М.: Недра, 1976.
- 9 Караев М.А. Гидравлика буровых насосов.- М.: Недра, 1983.
- 10 Рыбалко А.Т. Методические указания по составлению экономической части дипломного проекта для студентов «Машины и оборудования нефтяных и газовых промыслов» А, 1982г.
- 11 Панов Г.Е. Охрана труда при разработке нефтяных и газовых месторождений. М.: «Недра», 1982г.
- 12 Романов, В.Н. Федеров, А.И. Кузнецов. Таблицы и альбом по допускам и посадкам: Спрвочное пособие –СПб.: «Политехника», 2005г.
- 13 И.А.Биргер, Б.Ф.Шорр, Г.Б.Иосилевич, Расчет на прочность деталей машин.-М: «Машиностроение», 1993г
- 14 Интернет ресурс: <http://www.vimud.net/top-5-largest-drilling-mud-pump-manufacturer-list/>
- 15 NOV Drilling компаниясының жарнамалық каталогы.
- 16 Gardner Denver компаниясының жарнамалық каталогы.
- 17 CNPC BOMCO компаниясының жарнамалық каталогы.
- 18 Aker Wirth компаниясының жарнамалық каталогы.
- 19 Bakker Drilling компаниясының жарнамалық каталогы.

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Осилатинов Талгат Маратұлы

Название: Ұнғыларды бұрғылауда қолданатын УНБТ-950 бұрғылау сорабының конструкциясын жетілдіру

Координатор: Бакытжан Калиев

Коэффициент подобия 1: 18,7

Коэффициент подобия 2: 10,6

Тревога: 385

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Дипломдық жұба берілек тапсырмала
сүйек талың құрамына тиге неше
кеңестік амтестациялау қам -
И.Сидикова ұстазға ұсынылды

Дата

Подпись Научного руководителя



Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Осилатинов Талгат Маратұлы

Название: Ұнғыларды бұрғылауда колданатын УНБТ-950 бұрғылау сорабының конструкциясын жетілдіру

Координатор: Бакытжан Калиев

Коэффициент подобия 1:18,7

Коэффициент подобия 2:10,6

Тревога:385

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Дипломдық мабаса қарапайым-
ғал материал жоғарыда келтірілген
барлыққа ұқсастығы жоқ екені анық-
талды. Қысқашы берілген мақаланың
сай арнайыдан және желілерімен алынған қар. қа.

№. 06. 2019


Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Дипломник Иова Берилем Мансурович
список трудов Иова Берилем Мансурович
менеджерской деятельности Коммунального
хозяйства Усть-Ишимского района



Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения